

«КӨЛЖТІК ЛОГИСТИКА»

пәнінен дәріс

Тақырыбы :ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Экономикалық механизмнің қызмет етуін қамтамасыз ететін әртүрлі жүйелер бар. Осы жүйелердің ішінен синтездеу, талдау және жетілдіру мақсатында логистикалық жүйелерді ажырату қажет.

Алдымен жалпы «жүйе» ұғымына тоқталайық. Энциклопедиялық сөздік бойынша «жүйе»: «Жүйе (грек сөзінен аударғанда – бөліктерден құралған бүтін; қосылыс) – бір-бірімен өзара қатынаста және бір-бірімен өзара байланыста болып, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын көптеген элементтер».

Жүйе деп есептелуі үшін нысанда төрт қасиет болуы керек.



Тұтастығы мен бөлінгіштігі

Байланыстар

Ұйымдастыру

Интегративті қасиеттер

Бірінші қасиеті тұтастық және белінгіштігі. Жүйе бір-бірімен өзара әрекетте болатын элементтердің тұтас жиынтығы. Элементтер тек жүйеде әрекет етеді. Олар жүйеден тыс жүйе құруға әлеуетті қабілеті бар нысандар болып келеді. Жүйенің элементтерінің сапалары әртүрлі, бірақ, бір уақытта бір-біріне сәйкес келеді.

Екінші қасиеті - байланыстар. Жүйенің элементтері арасында осы жүйенің интегративті сапасын анықтайтын байланыстар болады. Байланыстар заттық, ақпараттық, тура, кері және т.с.с. болады. Жүйе ішіндегі элементтер арасындағы байланыс кейбір элементтердің сыртқы ортамен байланысына қарағанда берік болуы керек. Олай болмаған жағдайда жүйе әрекет етпейді.

Үшінші қасиеті - ұйымдастыру. Жүйе пайда болу үшін реттелген байланыстарды, яғни белгілі бір жүйені, жүйені ұйымдастыруды қалыптастыру керек.

Төртінші қасиеті - интегративті қасиеттер. Жүйеде интегративті қасиеттердің болуы, яғни толық жүйеге тиесілі, бірақ жеке оның элементтеріне тән емес қасиеттер.

Мысалы, қаламды алайық. Бірінші – қалам жеке элементтерден тұрады: корпус, сия, серіппе, т.б. Екінші – элементтер арасында байланыс бар: қалам шашылып қалмайды, ол тұтас болып келеді. Үшінші – байланыстар белгілі бір тәртіпке келтірілген. Төртінші – қалам құрамдас бөліктердің бірі де ие емес интегративтік (қосынды) қасиетке ие, қаламды пайдалану ыңғайлы болады (жазуға, тасуға).


Материалдық ағымдардың қозғалысы әртүрлі техникалармен (көлік құралдары, тиеу-түсіру құрылыстары т.с.с.) білікті мамандармен жүзеге асырылады.

Логистикалық процеске әртүрлі ғимараттар мен құрылыстар тартылады, процестің жүрісі қозғалыстағы және жүйелі түрде қорға жинақталатын жүктердің дайындығынан тәуелді болады.

Жүктердің қозғалысын қамтамасыз ететін өндірістік күштердің жиынтығы ұйымдастырылған болады. Материалдық ағым болған жағдайда қандай да бір материал өткізетін жүйе болады. Қалыпты жағдайда бұл жүйелер арнайы жобаланбайды, жеке элементтердің әрекеттерінің нәтижесі ретінде пайда болады.

Логистикалық жүйелердің қасиеттерін кез келген жүйеге төн төрт қасиет негізінде қарастырайық.

Бірінші қасиет (тұтастық және бөлінгіштік). Жүйе - бір-бірімен өзара әрекетке түсетін элементтердің тұтас жиынтығы. Материалдық ағымның *макродеңгейінде* бір кәсіпорынан екіншісіне өтуі кезінде элементтер ретінде осы кәсіпорындар, сонымен қатар оларды байланыстыратын көлік қарастырылады.



Жеткізуші, көлік, тұтынушы – логистикалық жүйенің элементтері


1 сурет - Материалдық ағым

Микродеңгейде логистикалық жүйе келесі негізгі кіші жүйелер түрінде көрінеді (төменде аталған кіші жүйелердің әрқайсысын кеңінен қарастырғанда өздері бір күрделі жүйе болады).

Сатып алу – материалдық ағымның логистикалық жүйеге келіп түсуін қамтамасыз ететін кіші жүйе.

Өндірісті жоспарлау және басқару – сатып алу кіші жүйесінен материалдық ағымдарды қабылдап алады және еңбек затын еңбек өніміне айналдыратын әртүрлі технологиялық операцияларды орындау процесінде оларды басқаратын кіші жүйе.

Өткізу – материалдық ағымның логистикалық жүйеден шығуын қамтамасыз етеді.



С атып алу, өндірісті басқару, өткізу – логистикалық жүйенің элементтері

2 сурет - М икрологистикалық жүйе

Қарастырғанымыздай, логистикалық жүйенің элементтерінің сапалары әртүрлі, бірақ, бір-біріне сәйкес келеді. Сәйкестік логистикалық жүйенің әрекет етуі тәуелді болатын мақсаттың бірлігін қамтамасыз етеді.


Екінші қасиет (байланыс). Микрологистикалық жүйеде элементтер арасындағы байланыс негізі келісім-шарт болып табылады. Микрологистикалық жүйелерде элементтер өндірісішілік қатынастармен байланысты болады.



Үшінші қасиет (ұйымдастыру). Логистикалық жүйенің элементтерінің арасындағы байланыс белгілі бер ретке келтірілген, яғни логистикалық жүйе ұйымдастырылған болып келеді.

Төртінші қасиет (интегративтік қасиеттер). Бұл дегеніміз қажетті тауарды қажетті уақытта, қажетті орынға, қажетті сапада, аз шығындармен жеткізу қабілеттілігі, сонымен қатар, сыртқы ортаның өзгеретін жағдайына бейімделу қабілеті (тауарға немесе қызметке деген сұраныстың өзгеруі, техникалық құралдың аяқ астынан істен шығуы, т.с.с.). Логистикалық жүйенің интегративтік сапалары материалдарды сатып алуға, оларды өздерінің өндірістік қуаты арқылы өткізуге және оны сыртқы ортаға беруге мүмкіндік беріп, алдын ала қойған мақсатына жете алады.


Логистикалық жүйенің жалпы қабылданған анықтамасы: логистикалық жүйе – қандай да бір логистикалық қызметтерді орындайтын кері байланысты бейімді жүйе. Ол бірнеше кіші жүйелерден тұрады және сыртқы ортамен дамыған байланыста болады. Логистикалық жүйе ретінде өнеркәсіптік кәсіпорынды, аумақтық өндірістік кешенді, сауда кәсіпорындарын қарастыруға болады. Логистикалық жүйенің мақсаты - берілген шығындар деңгейінде өнеркәсіптік немесе жеке тұтынуға дайындалған тауарлар мен бұйымдарды аталған орынға, қажетті көлемде және ассортиментте жеткізу болып табылады.

Логистикалық жүйенің шектері өндіріс құралдарының айналу циклымен анықталады. Ең алдымен өндіріс құралдары сатылып алынады. Олар материалдық ағым түрінде логистикалық жүйеге түседі, жинақталады, өңделеді, тағы да сақталады және логистикалық жүйеге түсетін қаржы ресурстарына айырбасталып, логистикалық жүйеден тұтынуға шығады. Өндіріс қаражаттарының айналым циклының базасында логистикалық жүйенің шекарасын бөлуі «ақша төлеу – ақша алу» принципін атауын алды.



 - М а т е р и а л д ы қ а ғ ы м
 - Қ а р ж ы а ғ ы м

3 сурет - Логистикалық жүйенің қоршаған ортамен өзара байланысы. «Ақша төлеу – ақша алу» принципі



Φ_2 Φ_1 -ге қарағанда үлкен, $М П_2$ -нің сапалық көрсеткіштері $М П_1$ -нің сапалық көрсеткіштерінен жақсы

~~Логистикалық жүйенің түрлері~~ Логистикалық жүйелер макро және микрологистикалық жүйелерге бөлінеді.

Макрологистикалық жүйе – мемлекеттің әртүрлі аймақтарында немесе әртүрлі мемлекеттерде орналасқан кәсіпорындарды, өнеркәсіптік ұйымдарды, әртүрлі ведомстволардың делдалдық, сауда және көліктік ұйымдарын қамтитын материалдық ағымдарды басқаратын ірі жүйе. Макрологистикалық жүйе аймақтың, мемлекеттің немесе мемлекет тобының экономикасының инфрақұрылымын білдіреді.

Әртүрлі мемлекетті қамтитын макрологистикалық жүйені құру кезінде халықаралық экономикалық қатынастардың құқықтық, экономикалық ерекшеліктерімен, тауарды жеткізуші арттарының әртүрлілігімен, көлік заңнамаларындағы ерекшеліктермен байланысты қиындықтар туындайды.


Мемлекетаралық бағдарламада макрологистикалық жүйе қалыптастыру бірыңғай экономикалық кеңістік, ішкі шекарасыз бірыңғай нарық, тауарларды капиталдарды, ақпараттарды, еңбек ресурстарын тасымалдауда кедендік кедергілердің болмауын талап етеді.

Микрологистикалық және макрологистикалық жүйелердің кіші жүйелері, құрылымдық құрауыштары болып табылады. Оған әртүрлі өндірістік және сауда кәсіпорындары, аумақтық өндірістік кәсіпорндар жатады.


Макрологистика шегінде жеке микрологистикалық жүйелер арасындағы байланыс тауар-ақша қатынасы негізінде орнатылады. Микрологистикалық жүйелердің ішінде кіші жүйелер қызмет етеді. Бірақ бұлар өзара тауарсыз байланыста болады. Бұлар бір экономикалық нәтижеге жұмыс істейтін фирманың, бірлестіктердің немесе басқашы аруашылық жүйелерінің ішіндегі жеке бөлімшелер.

Макрологистика деңгейінде логистикалық жүйенің үш түрін ажыратады.


Тура байланыстармен логистикалық жүйелер. Бұл логистикалық жүйелерде материалдық ағым делдалдарсыз өнімді өндірушіден тұтынушыға тура өтеді.



Құрамды логистикалық жүйелер. Мұндай жүйелерде материалдық ағымның жолдарында ең жоқ дегенде бір делдал болады.



Икемді логистикалық жүйелер. Материалдық ағымның өнімді өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысы тура және делдалдар арқылы да жүзеге асырылады.



Мысалы: толайым сауда қоймасы арқылы жылына 10000 т.жүк өтеді(миқрологистика); Еуропалық қоғамдастық елдері бірыңғай ішкі нарық қалыптастырды (мақрологистика); жыл сайын Қазақстанның көлік кешенінің жүк айналымы 10 млрд тоннаға дейін жетті(мақрологистика); қойманың жүк айналымы орташа қордан 15 есе арты (миқрологистика).

Һ азарларыңызға рахмет!